



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2025 жыл

№ 6, 8-т.

**Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымында
электрондық-цифрлық платформаны іске
асыру және электрондық құжат айналымын
жүргізу тәжірибесін зерттеу туралы.**

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының кеңсе меңгерушісі М.Бейсембаеваның «Жетісу облыстық жергілікті кәсіподағында электрондық-цифрлық платформаны іске асыру және электрондық құжат айналымын жүргізу тәжірибесін зерттеу туралы» ақпаратын тыңдап, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті атап өтеді:

«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» ҚБ-гі Кәсіподақтың Атқару комитетінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 9 «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында электронды құжат айналымын қалыптастыру үшін Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап көшті. Ақпараттық жүйені қолдану бойынша аппарат мүшелері мен аудандық филиалдардың төрағаларына семинар ұйымдастырылып, оқыту жұмыстары жүргізілді.

Жетісу кәсіподақ ұйымы тарапынан бағдарламаны түсіндіретін әдістемелік видео-нұсқаулық жасалынған. Кәсіподақтың Орталық комитеті мен филиалдар арасында хат алмасу ААЖ бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Жеке кабинеттегі құжаттармен танысу барысында ескерілмеген, жауапсыз қалған хаттар жоқ. Барлық кіріс және шығыс хаттар жүйенің ішкі тәртібі бойынша рәсімделген. Бүгінгі күні электронды іс жүргізу жүйеге келтіріліп, хаттар АЖЖ арқылы уақытылы қабылданып жіберіледі.

2024 жылғы 22 ақпандағы Кәсіподақтың қаулысымен бекітілген Кәсіподақ органдарындағы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мен іс жүргізуді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық (әрі қарай - Нұсқаулық) талаптарының орындалуы Облыстық кәсіподақ тарапынан жүйелі түрде қамтамасыз етіледі.

Құжаттарды қабылдау және жіберу электронды пошта мен ААЖ платформасы арқылы жүзеге асырылады. Облыстық ұйымда құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Барлық хат-хабарлар номенклатуралық

индекстер бойынша тіркелген. Жеке құрам бойынша бұйрықтар талаптарға сай (күні, нөмірі, мазмұны, қолы, мөрі, танысу белгісімен) ресімделіп, тиісті папкаға тігіледі. Бұйрықтар мемлекеттік тілде жасалған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасына және Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Өтініштер жазбаша, электрондық пошта арқылы және әлеуметтік желілерден (Facebook, WhatsApp) түседі. Өтініштер кіріс корреспонденциясы журналында, өтініштер мен арыздар және жеке қабылдау журналында тіркеледі. Жазбаша өтініштерге жазбаша жауаптар берілді, қарау мерзімдері бұзылған арыз-өтініштер жоқ.

Құжаттармен жұмыс жағдайы туралы сұрақтар Жетісу облыстық ұйымының Атқару комитеті отырыстарында қаралады.

Құрылымдық бөлімшелерде құжат айналым жүйесінің орындалуын бақылау мақсатында Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген «Үздік кәсіподақ филиалы» байқауының Ережесінің критерііне іс қағаздардың талапқа сай жүргізілуі басты шарттарының бірі болып кіргізілген.

«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» ҚБ іс жүргізу және электрондық құжат айналымы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелерін қарап, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының кеңсе меңгерушісі М. Бейсембаевның «Жетісу облысының кәсіподақ ұйымындағы электрондық құжат айналымын жүргізу тәжірибесін зерделеу нәтижелері және электрондық-сандық платформаны іске асыру туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Жетісу облысының кәсіподақ ұйымының басқару органдарына:

2.1. Барлық кіріс құжаттарын ААЖ жүйесінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

2.2. Аппараттың штаттық қызметкерлеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеп бекітсін.

2.3. Кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай электрондық дерекқорындағы мәліметтерді өзектендіру жұмысын жалғастырсын.

2.4. Құрылымдық бөлімшелерде іс жүргізу бойынша Нұсқаулықтың сақталуын жыл сайынғы мониторингіден өткізу тәжірибесін жалғастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева